

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОҚИТУ ЖОЛДАРЫ

Ирисбай Зулфия Зафаровна

z.irisbai@asu.edu.kz irisbayzulfiya@gmail.com

«6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан
Республикасы

Ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының магистрі- Ескалиева Ж.А.

Қазақ әдебиетінің ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевты барша оқырман лирик ақын ретінде таниды. Ақын шығармашылығының басым бөлігін махаббат тақырыбындағы өлеңдер болса, тағы бір бөлігі туған ел, туған жер, ауыл тұрмысы мен өмірі, әсіресе, көпұлтты Қазақстан халықтарының татулығы, ынтымақтастығы тақырыбындағы шығармаларды атауға болады. Тақырыптық өлеңдерімен қатар ақын шығармашылығында көптеген арнау өлеңдер де кездеседі.

Ақынның мыңнан астам өлеңдері мен он алты дастанын, хикаяттары мен әңгімелерін, пьесасын жан-жақты талдап, ғылыми-зерттеу, әдеби-сын мақалалары түрінде, диссертация, монографиялық еңбек көлемінде зерттеген ғалымдарымыз бар. Олардың ішінде, ақын шығармашылығы туралы «М.Мақатаевтың ақындық әлемі» атты монографиялық еңбегін жазған С.Д.Абишеваны, [1] Ө.Жұмаштың «М.Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі», [2] Ұ.Қ.Тұрбекованың «М.Мақатаев ақындығының лирикалық табиғаты», [3] К.Хамидуллаевтың «М.Мақатаевтың ақындық шеберлігі» [4] атты ғылыми жұмыстарды атауымызға болады. Ақынның жоғары да аталған еңбектерден бөлек ғылыми-зерттеу, әдеби-сын мақала түрінде жарияланған еңбектерінің тізімінің өзі бір энциклопедияны құрайтындығы анық [5]. Бұл дегеніміз, ақын поэзиясын қызығып оқитын оқырманның, шығармашылығын зерттейтін ғалымдарымыздың көп екендігін аңғартады.

Көпшілік оқырман ақын өлеңдері тек ересектерге бағытталған, балалар тақырыбына арнайы өлең жазбаған деп санайды. Жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектердің мазмұнынан «М.Мақатаевтың балаларға арналған шығармалары» деген тақырыптарды кездестіре алмадық.

Ал біздің мақсатымыз -Мұқағали Мақатаевтың балаларға арналған өлеңдерін бөліп қарау, талдау, ақынның шығармалары арасында балаларға да арналған өлеңдері бар екенін анықтау. Ақынның орта мектеп оқулықтарында берілген өлеңдерін жинақтау, оқыту әдістемесіне талдау жасау.

Ақынның кез-келген өлеңі жас талғамайды. Үлкенге де, кішіге де әсері бірдей. Ақынның егде тартқан оқырмандары жырларынан жанына жылу, көңіліне сүйеніш тапса, жастар көңіліндегі көп сұрақтың жауабын ақын өлеңдерінен іздейді. Адам бойындағы асыл қасиеттер-адамгершілік, адалдық, әділеттілік, шыншылдық жайлы жырлары күш берсе, жас ұрпақты адалдыққа, әділеттілікке, шыншылдыққа баулиды [6,84-85 бб].

Десе де М.Мақатаевтың балаларға арналған шығармалары жетерлік. Жалпы балалар өлеңдерінің ерекшелігі неде?

Қазақ балалар поэзиясын арнайы зерттеген ғалым Аманжол Алтай өз еңбегінің қорытындысында мынадай тұжырымдарды ұсынады:

- балалар поэзиясында эстетикалық-көркемдік талап пен мақсат терең ұштасуы керек;

-балалар поэзиясындағы көркемдік шындық мейлінше әсерлі және шынайы болуы шарт;

-балалар поэзиясындағы тақырып, балаларды өмірді тануына, рухани өсуіне, дұрыс бағдар ұсынуына жөн сілтеуі қажет;

-авторлық позиция мен көркем идеяда балаларды жақсылыққа тәрбиелеуге бағытталған прогрессивті мақсат көзделіп, ол мақсат баланың жас ерекшелігіне сәйкес тілмен ұтымды жеткізілуі керек;

-балалар поэзиясында жас ұрпақтың жан-жақты жетілуіне әсер етуге қабілетті көркемдік, эстетикалық, өмірмен байланыстылық, ұлттық, жалпы адамзаттық ұстанымдары маңызды рөл атқарады.

-балалар поэзиясы балаға етене жақын болуы үшін шығармадағы әрбір сөз, сол сөзге жүктелген мағына балаға тікелей байланысты болуы керек;

-балалар поэзиясындағы тілдік бейнелік тәсілдер екі түрлі мақсатта қызмет етуі керек: бірі-көркем образ жасау, екіншісі-тәрбиелік міндет арқалау;

-Кейіпкер атынан сөйлеу, оның ой сезімін, көңіл күй әсерін бейнелеу, диалогтық сөйлесулер, автордың кейіпкермен сөйлесуі сияқты тәсілдер балалар поэзиясында жиі қолданылатындықтан, кейіпкер тіліне қойылатын негізгі талап-сөздің шынайылығы, кейіпкер жасына, таным деңгейіне, мінез- құлқына, әлеуметтік ортасына, уақытқа сәйкес келуі шарт [7, 264–265-бб.].

Ғалым Аманжол Әлтай ұсынған жіктеудің соңғы бөлімінде сөз болатын поэзия тілі мәселесін зерттеуші Б. Қапасова да өз еңбегінде балалар поэзиясының маңызды ерекшеліктерінің бірі ретінде қарастырады. Ол: «Балаларға арналған шығармалардың ең қажетті әрі міндетті белгілерінің бірі – тіл. Балалар әдебиетіндегі тілдік қолданыс тек сөздік қорды дамыту құралы ғана емес, сонымен бірге балаға рухани-эстетикалық тәрбие беретін, оның дүниетанымын қалыптастыратын тәсіл болып табылады. Бұдан бөлек, ол бала болмысының табиғатын ашудың да негізі қызметін атқарады» [8, 12–14-бб.], – деп атап көрсетеді.

Қазақ балалар поэзиясы мен прозасында, жалпы балалар әдебиетінде әлі де терең зерттеуді қажет ететін маңызды мәселелердің бірі – шығармаларды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, олардың даму және өсу кезеңдерін ескере отырып жүйелеу. Мысалы, төмендегі өлең жолдарын ересек оқырманға арналған туындылар қатарына жатқызу орынсыз екені анық:

Мектебің мынау, класың
Осында он жыл тұрасың.
Тарыдай болып кіресің,
Таудай болып шығасың («Әліппе» өлеңі) [9, 272-б.]

немесе:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,

Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған... («Отан» өлеңі) [9].

Ең алдымен балаларға арналған өлең олардың дүниетанымына жақын, күнделікті өмірінде кездесетін, өзіне таныс құбылыстарды қамтуы тиіс. Мәселен, бала дүниеге келген сәттен бастап ең жақын адамы – анасын таниды. Сондықтан анаға деген сүйіспеншілік ерекше қалыптасады. Сонымен қатар, балалық шақтағы ең қуанышты мерекелердің бірі – туған күн. Бала өз туған күнін де, анасының туған күнін де ерекше ықыласпен күтеді. Осы тұрғыда:

«Нұрын төккен маған,
Шуағымсың – сен!
Айналайын, мама,
Қуанышыңмен!
Шаттандырған мені,

Жұбанышым – сен!

Құттықтаймын сені

Туған күніңмен!..» («Қуанышыңмен» өлеңі) [9, 283-б.]

деп басталатын белгілі өлеңді балалар поэзиясының үлгісі ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Сонымен қатар, бала санасында ерте жастан қалыптасатын ұғымдардың бірі – дос, достық түсінігі. Бұл тақырып та ақын шығармашылығында кеңінен көрініс тапқан. Мұқағали Мақатаев достық жайында көптеген өлеңдер жазған:

Досым, саған сенемін. Сеніп өтем!

Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.

Достық деген – адамның көрігі екен,

Достық деген ақылдың серігі екен [9].

Балалар әдебиетіне қойылатын талаптардың тағы бірі – өлең шумақтарының ықшам болуы және әр жолдағы сөз санының мүмкіндігінше қысқа келуі. Балалар ақыны Ш. Ахметов атап өткендей, шығарманың тілі ойнақы, жеңіл, түсінікті, анық әрі әсерлі болуы шарт.

Ақынның балаларға арналған бірқатар өлеңдерін талдай отырып, олардың шумақтары мен сөз санының шұбалаңқы емес екендігін байқауға болады. Мысалы, «Тайлақ» өлеңі небәрі бір шумақтан тұрады:

Тайлақты неге тұсаған,

Тайрандап жүрсе болмай ма?

Керуен сарайға ұсаған,

Керіліп жатқан жол қайда? [9, 273-б.]

Балалар шығармаларына қойылатын тағы бір маңызды талап – тәрбиелік мазмұнының болуы. Ғалым Аманжол Өлтай жіктемесінде айтылған педагогикалық мақсаттың тереңдігі осы тәрбиелік мәнмен тығыз байланысты деп түсінуге болады.

«Жеткіншек жастағы балалардың құндылық бағдарларын қалыптастыруды көздеген мұғалім, ең алдымен, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістерін айқындауы қажет».

М. Мақатаев шығармаларының басым бөлігі патриоттық тәрбиеге негізделген. Әсіресе Отан, туған жер тақырыбындағы өлеңдері жас ұрпаққа берер тәрбиелік және танымдық маңызы зор. Мысалы:

Сүйемін, өскен Отаным,

Жылысып өткен жылыңды.

Қарыздармын сондықтан

Берермін талай жырымды (Сүйемін, өскен Отаным) [9].

Ақын өлеңдері арқылы адам жанының нәзік сезімдері, махаббат, сағыныш, табиғат пен адам арасындағы үйлесім көркем бейнеленеді. Осы ерекшеліктерді оқыту барысында ескеру – әдістемелік тұрғыдан маңызды. Сондықтан Мұқағали шығармаларын оқыту – тек білім беру емес, оқушылардың рухани дамуына ықпал ететін күрделі педагогикалық үдеріс.

Ақын шығармаларын оқыту барысында оқушылардың әдеби талдау дағдыларын қалыптастырумен қатар, олардың эстетикалық талғамын, эмоционалдық қабылдауын дамыту басты назарда болуы тиіс.

Ақын поэзиясын оқытуда интерактивті әдістерді қолдану ерекше тиімді. Мысалы, «Мен сені сағынғанда» өлеңін оқыту барысында алдымен оқушыларға өлеңнің аудионұсқасы тыңдатылады. Сабак барысында «Бұл өлеңде қандай сезім басым?», «Ақын қандай көңіл күйде?» деген сұрақтар қойылады. Бұл әдіс оқушылардың поэзияны тек түсініп қана қоймай, оны сезінуіне мүмкіндік береді.

Келесі маңызды әдістердің бірі – сатылай кешенді талдау. Мысалы, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді алып, оқушылармен бірге оның тақырыбы мен идеясын анықтау жүргізіледі. Оқушылар поэманың тақырыбын табиғат пен ана махаббаты деп анықтаса, идеясын адам мен табиғаттың байланысы ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар, мәтіннен «киелі аққу» сияқты эпитеттер мен «аққудай» теңеулерді табу арқылы көркемдік

ерекшеліктерін талдайды. Бұл әдіс оқушылардың логикалық және аналитикалық ойлау қабілетін дамытады. Салыстыру әдісі де Мұқағали поэзиясын оқытуда маңызды орын алады. Мысалы, «Ана» тақырыбындағы өлеңдерді оқыту барысында Мұқағали мен Абай шығармалары салыстырылады. Мұқағали поэзиясында ана бейнесі сезім мен сағыныш арқылы берілсе, Абай шығармаларында философиялық ой басым келеді. Осы салыстыру арқылы оқушылар әр ақынның стильдік ерекшелігін түсінеді.

Эмоционалды-рефлексия әдісі оқушылардың ішкі дүниесіне әсер етуде тиімді. Сабақ соңында «Бұл өлең саған қандай әсер қалдырды?» деген сұрақ қойылады. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, өлеңнің өз өмірімен байланысын анықтайды. Мысалы, кейбір оқушылар өлеңді анасына деген сағынышпен байланыстырса, енді бірі өмірлік тәжірибесімен ұштастырады. Бұл әдіс оқушының тұлғалық дамуына ықпал етеді. Шығармашылық тапсырмалар оқыту үдерісін жандандырады. Мысалы, оқушыларға «Мұқағалиға хат жаз» тапсырмасы беруге болады. Бұл тапсырма арқылы оқушылар ақынмен іштей сұхбат құрып, өз ойларын көркем жеткізуге үйренеді. Сонымен қатар өлең мазмұны бойынша иллюстрация салу немесе «поэзия минуты» ұйымдастыру оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады.

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану да маңызды. Мұқағали өмірі мен шығармашылығы туралы бейнероликтер көрсету, презентациялар пайдалану, онлайн викториналар өткізу сабақтың тиімділігін арттырады. Бұл әдістер оқушылардың ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп, қызығушылығын арттырады.

Мұқағали поэзиясын оқыту мәселесі көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Ғалым Зейнолла Қабдолов поэзияның табиғатын сезім мен ойдың бірлігі ретінде қарастырып, оны оқытуда эмоционалды қабылдауға ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ғалым Зәки Ахметов поэзияның көркемдік ерекшеліктерін талдау арқылы оқушының әдеби талғамын қалыптастыру қажеттігін көрсетеді. Әдіскер Т.Жұмажанова әдебиетті оқыту әдістемесінде талдау, шығармашылық және пікір айту әдістерін кешенді түрде қолдануды ұсынады. Сонымен қатар әдіскер Ә.Қоңыратбаев әдеби шығармаларды оқытуда тарихи және ұлттық контексті ескеру маңызды екенін айтады. Талдау нәтижесінде ақын поэзиясын оқытуда интерактивті, талдау, салыстыру, эмоционалды және шығармашылық әдістерді үйлестіре қолдану ең тиімді нәтиже беретіні анықталды. Бұл әдістер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың рухани дамуына, ұлттық құндылықтарды түсінуіне ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Мұқағали Мақатаев поэзиясын оқыту – жан-жақты әдістемелік дайындықты қажет ететін үдеріс. Оны тиімді ұйымдастыру үшін дәстүрлі және заманауи әдістерді ұштастыру қажет. Ақын шығармалары арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, рухани дүниесін байыту – бүгінгі әдебиет пәні мұғалімінің басты міндеттерінің бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбішева С.Ж. М. Мақатаевтың ақындық әлемі: Монография. – Алматы: Балауса, 2018.
2. Жұмаш Ө. Мұқағали Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі. Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Астана, 2007..
3. Тұрбекова Ұ.Қ. Мұқағали Мақатаев ақындығының лирикалық табиғаты. Фил. ғыл. канд. ... дисс. – Астана, 2010.
4. Хамидуллаев К. Мұқағали Мақатаевтың ақындық шеберлігі. Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1993.
5. Мұқағали Мақатаев. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақпарат», 2016..
6. Бегманова Б. М. Мақатаев және қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық: Әдеби зерттеу. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2015..
7. Әлтай А.Д. Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму. Филол. ғыл. док. ... дисс. – Астана, 2009.

8. Қапасова Б.Қ. Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы (60–90-жж.). Филол. ғыл. канд. ... дисс. – Астана, 2000.
9. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: IV томдық. III том: Өлеңдер мен поэмалары / Құрастырған: Оразақын Асқар. – Алматы: Жалын, 2013.
10. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002.
11. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973.
12. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2015.
13. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1994.